

СЕЙІЛХАН ҚАСИЕТҰЛЫ ХҰСАЙЫНОВТЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Тұрланқызы Индира indiraturlanqyzy@gmail.com «Музыка және өнер»
кафедрасының 2 курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау
қ, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Әжікен С.С.

Халықты халық етіп, мерейін көтеретін айрықша ғаламат дарын сол дарын иелерімен бірге жаратылады. Музыка әлемінде бала сезіміне жақын, ойлы, ойнақы, ең бастысы – тәрбиелік мәні мол шығармаларды музыка әуезімен жырлауға күллі өмірін сарп еткен композиторлар ішінен Сейілхан Хұсайынов есімі оқ бойы алға шығып тұрады. Музыка тарихында ойып алған орны бар, Ақ Жайық бойындағы Орал өңірінің тумасы Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов 1929-жылы Батыс Қазақстан (Орал) облысында дүниеге келген. Балалық, жастық шағы Гурьев қаласындағы Жамбыл атындағы мектепте өтті. Сабаққа аса зерек оқушы болып, күй үйрену, ән салу секілді өнерге жақын жүрді. Өнер жолына түсуге атақты Ерғали күйшінің баласы, ел арасындағы талантты күйші Ғылман Хайрошевтың әсері болды. Алғаш домбыра ұстауды нағашы ағасы Молдашев Халелден үйренген. Он жылдық мектепті бітіре сала, арман қуып Алматы қаласына келеді. Жолы болып Ахмет Жұбановтың сынағынан өтіп консерватория студенті атанып, Ғ.Әлжанов, Қ.Жантілеуов секілді атақты күйшілерден, дирижерлық мамандықтан Қ.Мусин, Ш.Шаргородский секілді дирижер-ұстаздардан дәріс алды. Консерваторияны жақсы бітіріп, жолдамамен еңбек жолын Қостанай облысында бастады. 1956-жылы Гурьев облыстық партия комитетінің хатшысы Н.Оңдасыновтың шақыруымен және ҚССР-ы мәдениет министрлігінің жолдамасымен Гурьев облысына жұмысқа келді. Ең алғашқы тапсырма ел ішіндегі өнерлі жастарды жинап, ұлт аспаптар оркестрін құруды Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов жолдасы, қобызшы Раушан Нұрпейсовамен бірігіп үлкен аброймен орындауға кірісті. 1957 жылдан бастап Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов облыс орталығындағы «Мұнайшылар» Мәдениет үйінің жанынан тұрақты домбырашылар үйірмесін ұйымдастырса, Раушан Нұрпейсова қобыз үйірмесін ұйымдастырып осы ұжымды көбейте берді. Алғашқы кезде оркестрлік жүйеде ұйымдастыру жұмыстары және біртекті орындаушылықта қиындықтар кездесті. Мұның себебі, оркестр мүшелері күйлерді әртүрлі жолмен үйренген және орындау стильдері де әртүрлі еді. Ең бірінші міндет солардың домбыра тарту әдістерін бір жүйеге түсіру керек болды. Оның үстіне оркестрде ойналатын домра прима, қобыз, бас қобыз, бас домбыра, контрабас және ұрмалы, соқпалы сияқты т.б. аспаптар жоқ еді. Ол тұрмақ жәй тенор домбыралардың өзі жетіспейтін. Осы қиындықтарды бірте-бірте артқа тастап, оркестр ұжым болып қалыптаса бастады. Халық арасынан қолы шебер музыка шеберлерін тауып, жоғарыдағы аспаптарды қолдан жасап, аспап тапшылығын жойды. Белгілі Балықшы ауданының музыка шебері Бисенғали Мырзағалиевтің оркестр үшін жасаған еңбегі орасан зор. Ол өзі жасаған 12 қобыз, 12 домбыраны, бас қобыз т.с.с. музыкалық аспаптарды оркестрге табыс етті. Енді оркестр мүшелеріне нота сауатын үйрету қажеттігі туындады. Осылайша еткен еңбектің жемісі көрініп, оркестрдің алғашқы концертін көрермен жұртшылық қуанышпен қарсы алды. Талантты жастарды ауыл, аудандардан, облыс еңбекшілері арасынан іздеп, іріктеп ұлттық өнерді насихаттауда Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың еңбегі өте зор. Алғаш оркестр ұйымдастыру ісіне араласып, белсенділік көрсеткен өнерпаздар ішінен Т.Құлтумиев, Қ.Хасанов, К.Түсібадиев, алғаш қобыз аспабын үйренгендер М.Әділов, С.Дүйсенбаева, Ө.Дәулетияровалардың есімін құрметпен атауға болады. Күн санап оркестрдің орындаушылық шеберлігі өсіп және репертуары байи түсті. Орындаушылар оркестрде орындаушылық техникасының жаңа әдістерін меңгере бастап,

оркестрдің аспаптар дыбысы күшейіп, колориті байыды. Енді оркестрдің өнерін бір ғана облыс еңбеккерлері емес, республикамыздың басқа облыстарының еңбекшілері, Алматы жұртшылығы да сүйіп тамашалайтын дәрежеге жетті. Гурьев облыс партия комитеті мен атқару комитетінің қаулысы бойынша 1958-жылы оркестрге «Дина Нұрпейсова атындағы халық аспаптар оркестрі» деген құрметті атақ берілді. 1958 жылы 24 қыркүйекте Үкімет Жарлығымен бұрынғы Гурьев (қазір Атырау облысы) орталығынан музыка училищесін ашуға шешім қабылданды. Музыка училищесінің алғашқы директоры болып Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов тағайындалды. Оның алдында училищесінің материалдық-техникалық базасын жасақтау, оқу бағдарламасын үйлестіру, ноталық әдебиеттер, оқулықтар, музыкалық аспаптар жинақтау, оқытушылар ұжымын ұйымдастыру сияқты келелі міндеттер тұрды. Училищеге бөлінген шағын ғимаратта фортепиано, қобыз, домбыра, баян мамандықтары бірден ашылды. Музыкалық аспаптар тапшылығын жеңу үшін Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов көптеген қиындықтарды жеңе білді. Алдымен жергілікті музыка шеберлерін іздеп тауып, осылармен ақылдаса отырып, домбыра, қобыз, бас домбыра, бас қобыз жасауды қолға алды. 100 Музыка училищесінің алғашқы оқытушылары И.Колтайс, О.Герлах, Р.Нұрпейсова, Б.Рзаханов, М.Құспаналиев, Е.Нұрашев сияқты ұстаздар жанқиярлықпен еңбек етті. Жалпы ноталық әдебиеттер тапшылығы өз алдына, ол кездерде халық аспаптарына жазылған ноталық әдебиеттер жоқ еді. Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов училищедегі басшылық жұмыспен қатар күндіз сабақ өткізіп, түнде күйлер мен шығармаларды нотаға түсіріп, әдебиеттерді тез арада жинақтауға күш салды. Қаржылық жағынан облыс басшылығының көмегіне сүйенсе, бағдарламалар турасында және басқа да ұйымдастыру жұмысына қазақтың біртуар өнер қайраткері Ахмет Жұбановтың ақыл-кеңесін алып отырды. Кейін училищеге шағын екі қабатты тұрғын жаңа ғимарат беріліп, жағдай біршама жақсарғандай болды. Скрипка, үрмелі аспаптар, хор дирижері мамандықтары ашылды. Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов басшылық қызметтің ауыр жүгін арқалай жүріп, ұстаздық қызметінде де үлкен жетістіктерге жетіп, көптеген көрнекті шәкірттер тәрбиеледі. Бүгінгі өнер майталмандары - Қ.Р. еңбегі сіңген өнер қайраткері, күйші Шәміл Әбілтаев, халықаралық фестивальдердің лауреаты, дирижер, «Құрмет» орденінің иегері Орақ Жауыров, Қ.Р. еңбек сіңірген өнер қайраткері, профессор, Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі Айтқали Жайымов, ел ішінде елеулі еңбегімен ел құрметіне бөленген Төлеген Ахметжанов, Құрманғазы атындағы аймақтық сайыстың жүлдегері, республикалық дәрежедегі әдіскер-домбырашы, ұстаз Тілеш Бәділов, «Қ.Р. білім беру ісінің үздігі», Құрманғазы атындағы Алматы Ұлттық консерваториясы халық аспаптар кафедрасының «Құрметті профессоры», Атырау музыка колледжінің тәлімгер-ұстазы Ғизат Әдепқалиұлы осы Сейілхан Қасиетұлының шәкірттері. Сейілхан Қасиетұлы ұлттық жас мамандар ұжымын құруда аса зор еңбек етті. Жоғарыдағы Атырау өлкесінде алғаш музыкалық оқу орнын және оркестр ұйымдастыру жұмысымен қатар ұстазымыз Сейілхан Қасиетұлы қазақ музыка өнерін насихаттау мақсатында оқытушы және студенттерден шағын ұжым құрып, ауылдар мен елді мекендерде концерттер беретін. Сол сапарларда музыка мәдениетін үгіттеумен қатар ел арасындағы талантты жастарды оқуға шақырып, музыка маманы болуларына көмектесетін. Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың композиторлық еңбегінің нәтижесінде музыка мәдениетіне көптеген күйлер мен әндер қосылды. Әйгілі «Мереке», «Шаттық», «Жастар байжұмасы» күйлері ұлт аспаптар оркестрлері мен жеке орындаушы күйшілердің репертуарларынан берік орын алды. «Гүлденіп, көркейе бер Гурьевім», «Қазақстан», «Балықшы қыз», «Далабай», «Ақын арманы», «Ақ Жайық» әндерін ән сүйер қауым сүйсіне орындайды. Ол көптеген шығармаларын ұлт аспаптар оркестріне дайықтап, партитураларын ел игілігіне қалдырды. Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов Қытай, Норвегия, Румыния, Ресей, Германия т.б. көптеген

шет елдерде өнер көрсетіп, Кеңестер Одағының шет елдермен достық қарым қатынастар қоғамының «Мақтау қағаздарымен» бірнеше дүркін марапатталды. 1959 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалі, 1970 жылы «Лениннің 100 жылдығы» юбилейлік медалі, Қазақстанның Жоғарғы кеңесінің, Маңғыстау, Гурьев атқару комитеттерінің «Құрмет грамоталарымен» бірнеше мәрте марапатталған. 1967 жылы «Қазақ ССР-і мәдениетіне еңбегі сіңген қызметкер» құрметті атағы берілді. 1993 жылдан бастап «Қазақстан Республикасына ерекше еңбегі сіңген дербес зейнеткер» болды. Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов 2006 жылы Алматыда өмірден өтті. 101 Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов шығармаларының тәрбиелік маңызы Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов ұзақ жылдар ұстаздық өмірінде көптеген шәкірттерінің талаптарына жанашырлықпен қарады. Өнерге икемі бар таланттыларына толайым тәрбие беріп, Мақыш Гайсина, Тіләш Бәделов, Сәтім Әжікенов және т.б. училищеге ұстаздық жұмысқа қалдырды. Бүгінде есімдері қалың қауымға белгілі композиторлар: Шәміл Әбілтаев, Орақ Жауыров, Айтқали Жайымов және т.б. балауса таланттарының бүршік жаруына бар қамқорлығын аямады. Әр алуан жастағы жеткіншектерге әуенді саз, әдемі ән шығарған композитор Сейілхан Қасиетұлы бар шығармашылық қуат-қайратын, талант-қажырын бүтіндей балаларға арнады. Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов өзі ұйымдастырған Дина Нұрпейсова атындағы Атырау музыка училищесінде музыка пәнін оқытудың проблемадық мәселелерін шешуге, арнаулы оқу бағдарламасын жасауға, оқулықтар мен әдістемелік құралдар жасауға, балалар әндерін насихаттауға арналған концерттік фильмдер түсіруге, оларды пластинкаларға жазуға, көркем суретті фильмдерде пайдалануға белсене араласты. Осы орайда ұстаздың шәкірттері Шәміл Әбілтаев және т.б. айтқан пікірлері де көңілге қонарлық. «Мектебіміз – ұстазымызды, ал ұстазымыз – бізді өсірді» деді олар. XX-ғасырдың 1960-1970 жылдары Атырау өңіріне музыка мәдениетін тұңғыш ұйымдастырушылардың бірі болса, балалар домбыра ансамбльдерінің алғаш қарылғаштарына қанат байлаған да Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов. Қазақ балаларының тамаша өнерін туысқан республикаларға, және т.б. қалалардың өнер сүйер ортасына таныстырған да, 40 жыл бойы ұстаздық етуден жалықпаған да Сейілхан Қасиетұлы еді. Қос өнердің – ұстаздық пен композиторлық өнерлердің өркен жаюына бүкіл ғұмыр бойы атсалысқан азамат еңбегін елі де мерей тұтты. Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов әндерінің тақырыбы бай: туған өлке, сүйікті Отан, мектеп-ана, ұлағатты ұстаз, бүлдіршін балдырған. Бала жүрегін тап басар оның әндері міне, осындай әр алуан, санқырлы болып туындады. Оның шығармашылығы кең ауқымды, терең мазмұнды. Балалар бақшасындағы ертеңгіліктерде, мектептердегі тақырыпты кештерде, мерекелік шараларда оның әндерінің орындалуын айтсақ, композитордың ел үшін, еліміздің болашағы балалар үшін атқарған қыруар еңбегін саралап шамалау қиынға түспейді. Ол – талантты композитор ғана емес, балалар музыкасының жанашыр жаршысы, насихатшысы, әрі ұйымдастырушысы болды. Ұстаз-композитордың әндерінен балаларды жанындай жақсы көретін, балалар психологиясын нақты білетін тәжірибелі педагогтың, нағыз творчество адамының жемісті еңбегін көруге болады. Әндері балалардың жас ерекшеліктеріне лайық, жаттауға жеңіл, үйренуге үйлесімді, сазды да назды. Жүздеп жазған әндерінің қай-қайсысы да бала сезіміне жақын, ойлы, ойнақы, ең бастысы – тәрбиелік мәні мол шығармалар. «Ақ Жайық», «Далабай», т.б. әндері мен «Мереке», «Жастар байжұмасы», т.б. күйлерін айта аламыз. Сейілхан Қасиетұлының бүкіл болмысы – кіршіксіз жан тазалығы, азаматтығы, өнерпаздық талғамы, сүйкімді, мейірім шуақты дидары ұжымдастарына, жүздеген шәкірттеріне шоқтай ыстық. Музыка пәнінің оқытушысы музыка сабағында Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың шығармашылығы мен күйлерін, әндерін үйретер алдында жоғарыдағы ән айту ерекшеліктерін және оқушылардың ән айтуға дағдылануларын меңгергеннен кейін ғана сол тамаша әндерді үйретуге болады. Сейілхан

Қасиетұлы Хұсайыновқа табиғат ән мен күйден қанат бітірді. Оның әндері қалықтап, бүкіл қазақ даласына самғаса, ал күйлері Сейілхан Қасиетұлы Құсайыновтың өміріне серік етті. Оның шығармашылығы халыққа көптеген жылдар бойы рухани азық болары сөзсіз. Оның сазгерлік шығармашылығы – халқымыздың ән өнерінің жарқын бір белесі боларына сеніміміз мол. Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың тұнып тұрған сыршылдығымен, шынайылығымен және сезімге терең бойлауымен ерекшеленетін алғашқы әндері мен күйлерінің өзі сазгердің атын елге жаюда. Сейілхан Қасиетұлы Құсайыновтың композиторлық еңбегінің 102 нәтижесінде музыка мәдениетіне көптеген күйлер мен әндер қосылды. Әйгілі «Мереке», «Шаттық», «Жастар байжұмасы» күйлері ұлт аспаптар оркестрлері мен жеке орындаушы күйшілердің репертуарларынан берік орын алды. Жастарға арналған күйлері мен әндері мектеп оқушыларын музыкалық тәрбиелеуде маңызды роль атқаратынына сенімдіміз. Мектеп оқушыларының музыкалық – эстетикалық тәрбие беруде түп-нұсқасы музыка сабағын жүргізетін мектеп жанындағы оқушылардың хор, оркестр, музыка сауаты, жеке музыкалық аспаптар үйірмелерінің маңызы өте зор. Осындай ұйымдасқан үйірмелердің жұмысын жандандырып, бағыт беріп отырса, олар өздерінің көздеген мақсатына жететіні сөзсіз. Мектеп хорының негізгі мақсаты балалардың музыкалық қабілеттерін, музыкалық ой-өрістерін, музыкаға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу, ән айту дағдыларын үйрету деп есептейміз. Мысалы: Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың «Гүлденіп, көркейе бер Гурьевім», «Балықшы қыз», «Ақ Жайық» әндерін атауға болады. Бұл әндер туған еліміздің кең байтақ жерін, көркем табиғаты мен шаттық өмірін бейнелейді. Достық пен жолдастықты қастерлей білуге, ұжымшылдыққа тәрбиелейтін Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың әндерін үйренудің ерекше мәні бар. Сейілхан Қасиетұлы Құсайыновтың тұнып тұрған сыршылдығымен, шынайылығымен және сезімге терең бойлауымен ерекшеленетін алғашқы әндерінің өзі сазгердің атын елге жайып, халықтың сүйікті перзентіне айналдырды. Қырық жылдан астам шығармашылық қызметінде Сейілхан Қасиетұлы Хұсайынов көптеген музыкалық туынды жазды. Олардың дені - ән жанры. Оның шығармашылығында махаббат тақырыбы негізгі орын алады. Күй өнерінің інжу-маржаны болып табылатын әйгілі «Мереке», «Шаттық», «Жастар байжұмасы» күйлері ұлт аспаптар оркестрлері мен жеке орындаушы күйшілердің репертуарларынан берік орын алды. Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың «Гүлденіп, көркейе бер Гурьевім», «Қарамшы, қадамашы көзінді», «Балықшы қыз», «Далабай», «Ақын арманы», «Ақ Жайық» әндерін ән сүйер қауым сүйсіне орындайды. Мектепте музыка сабағында «Ақ Жайық» әнін төменгі сыныптан бастап барлық сыныптарда орындатып, әннің тарихын, орындалу ерекшеліктерін оқушыларға түсіндірген дұрыс. Ол әнді алғаш рет Д.Нүрпейсова атындағы музыка училищесінің оқытушылары, «Жайық қызы» ән-би ансамблінің әншілері М.Әбілова мен А.Ерзаковалардың екі дауыста орындауларымен халыққа танылды. XX ғасырда елімізге танымал ән-би ансамбльдері аз емес болатын. Олар әрбір республика, облыс, аудан көлемінде құрылып, қалың көпшіліктің эстетикалық талғам талаптарынан шығуға тырысып бақты. Көп жылғы тарихы бар, халық ансамблі деген атаққа ие болған сондай ұжымдардың бірі – «Жайық қызы». Негізінен Атырау қаласының студент, жұмысшы жастардан құрылған бұл өнер ұжымы әр жылдары шет елдерде, республиканың, Кеңес елінің көптеген қалаларында өнер көрсетіп, сан рет жеңістерге қол жеткізген. Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың «Ақ Жайық» әні орындалғанда бишілер тамаша билерімен әнді көркемдеп тұратын еді. Атыраудың балықшыларының ерен еңбегінің, Каспий теңізінің сұлу көріністерін, қалықтап ұшқан ақ шағалаларды елестететін тамаша би көрінісі арқылы бұл ән көптеген көпшіліктің көңілінен шықты. Музыка сабағында оқушыларға ән үйретер алдында Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың әндерінің шығу тарихын айта отыра, әнді көбіне мектеп оқушыларына және бағдарламаға жақындатып

аламыз. Ал «Ақ Жайық» сияқты екі дауыста айтылатын әндерді оқушыларға үйретер алдында дуэтпен ән салудың ерекшелігін, дауыс, ырғақ, динамика және т.б. әншілік орындаушылық әдістерін үйретіп алып, сынып оқушыларын екі топқа бөліп алып үйретеді. Сосын ішінен дауыстары таза, есте сақтау қабілеттері жақсы әншілерді концерттерде орындатады. Композитор Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың кең тынысы сезілмеген әні болған жоқ. Себебі Сейілхан Қасиетұлы шығармаларының ұлы Құрманғазының күйлері сияқты тамаша 103 әуендік ерекшелігі, қарпайымдығы, әр әннің тақарыптық ерекшелігі болса, орындаушы әншілердің Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновқа деген ілтипаттары мен шынайы сезіммен оның әндерін орындаушылығы еді. Оның әндерінің оқушылардың эстетикалық және имандылық адамгершілік сезімдерін тәрбиелеуде тигізетін әсерінің неғұрлым тиімді болуы үшін, музыка жайлы әңгімені жан-жақты ойластырып, дұрыс ұйымдастыру шарт. Сейілхан Қасиетұлы Хұсайыновтың музыкасы туралы әңгімелер, сүйікті шығармаларды тыңдау, талқылау, тағы да басқа кластан тыс жұмыстар түрлерінің мектеп оқушыларының адамгершілік қасиеті мен эстетикалық сезімдерін тәрбиелеу ісінде атқаратын ролі зор. Сейілхан Хұсайыновтың күй мен ән жанрындағы ерекше суреткерлігі, табиғат бойына дарытқан асқан дарыны болашақта талай – талай өнер зерттеушілерінің бай қазынасына айнала түсетіндігі музыка мамандары үшін, өнерлі жастар үшін өресі биік тың тақырып болып қала береді. Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1. «Ән-күй пәнінің мұғалімін дайындаудың кейбір мәселелері», А., 1997 2. «Мұрагер» бағдарламасы. Алматы, 1994 3. С.Құсайынов «Азаматтық өнегесі» Лениншіл жас. 1986 4. С.Құсайынов «Күй атасы» Лениншіл жас. 1956 5. С.Құсайынов «Домбырада үн қатқанда» 6. А. Шәріпбаева «Бұлақ көрсең көзін аш» Астана -2016, 7. С.Әжікен «Атырау саздары» Атырау- 2013